

## БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА СЫНИ ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

Сыздыкова М.Т., Досым Б., бастауыш сынып мұғалімдері  
«№54 ЖББОМ» КММ, Қарағанды қаласы

Елбасымыздың халыққа жолдауында білім беру мәселесі жөнінде де көп атап айтылған болатын. Білімді ұрпақ–болашағымыздың кепілі. Егеменді ел тағдыры–жас ұрпақтың қолында болса, ал жас ұрпақтың тағдыры – бүгінгі ұстаздың қолында. Заман талабына сай сабақтарда, жаңа технологияны тиімді пайдалану – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады. Қазіргі даму кезіндегі білім беру жүйесінің алдында өсіп келе жатқан жеке тұлғалардың, дүниетанымдық қабілеті жоғары, өнерлі, ізденімпаз, тапқыр, талантты, өз алдына мақсат қоя білгіш, оны орындай алатын, мақсатына жете білетін болуы керек. Жеке тұлғаны дамытып, қалыптастыратын – бастауыш сынып мұғалімі. Оқушылардың өзбетінше ізденіп, шығармашылықпен жұмыс істеулеріне жаңа технологияның өте тиімді екеніне көзіміз жетті.

Бұл технологияның ерекшелігі білімді жатқа меңгеру емес, оқушылардың өз бетінше меңгеруге ұмтылатындығы, есту, көру қабілеттерін арттыруға, сөздік қорын ауызша, жазбаша дамытуға бағытталады.

Бүгінде оқыту процесінде соның ішінде бастауыш мектептерде жиі қолданылып жүрген технологиялардың бірі «Сын тұрғысынан оқу мен жазуды дамыту» технологиясы. Бұл стратегия сабақ жүйесінде іштей үш кезеңге бөлінеді:

### I. Қызығушылықтарын ояту.

Бұл кезеңде оқушыларды сабаққа психологиялық тұрғыдан дайындай отырып, қызығушылықтарын арттырудың әртүрлі әдіс–амалдары қарастырылады. Мысалы «Шаттық шеңбері», «Тілекті тізбек» немесе тақпақтар айту арқылы оқушыларды өтілетін сабаққа тарту.

### II. Мағынаны тану

Белсенді түрде оқу. Болжау кестесі, ойлан, жұптас, білгім келеді, үйренгенім, өзара оқыту, топпен зерттеу осы әдіс–тәсілдерді қолдану өзіндік еңбек етуге бағытталады.

### III. Ой толғаныс

#### Оқуды қорытындылауы

Оқушы алған білімін пайдалана отырып шешім қабылдайды, топпен бөлініп берілген тапсырмалары болса, өздері дәлелдейді, бағалайды немесе «Әссе жазу, бес жолды өлең» тәсілдерін пайдаланады.

Сабақ барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін сыни тұрғыдан ойлау әдісін күнделікті сабақ жоспарымызға енгізіп келеміз.

#### Нәтижеде

Біз СТО әдісін пайдалан отырып көптеген міндетті мүмкіндіктерге жеттік. Ең әуелі оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артты, бір бірімен пікір алмасып, сөздік қоры молайды, еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастырды. Тіпті нашар оқитын баланың өзінде де талпыныс пайда болды.

Өзіміздің іс–тәжірибемізден дүниетану пәнінен өткізген бір сабағымызды көрсетпекпіз.

Сабақтың тақырыбы: Менің Отаным–Қазақстан.

Сабақтың мақсаты:

Оқушылардың Отан жайлы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

1. Өз Отанына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Қазақстанды өркендетуге білімді азаматтар керек екенін түсіндіру.

2. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал ету, ойлау шеберлігі мен сөйлеу мәдениетін дамыту.

3. Оқушыларды ұлтжандылыққа, патриоттыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан Республикасының картасы, суреттер, кестелер, ребус.

Әдісі: Сұрақ–жауап, түсіндіру, СТО әдісі, топпен жұмыс, түртіп алу, бес жолды өлең құрастыру, ребус шешу.

Сабақтың барысы:

Қызығушылықты ояту.

1. Өткенді пысықтау арқылы үй тапсырмасын сұрау.

- Балалар, сендер ребус шешкенді ұнатасыздар ма?

- Ия.
- Онда мына ребусты шешіп көрейік.
- Қандай сөз шықты?
- Отан.
- Біздің Отанымыз – Қазақстан.
- « Қазақстан » деген сөзді қалай түсінесің?
- «Топтау» әдісін пайдаланып білгендерін қағазға түсіреді.
- Әр топ өз жазғандарын оқып береді

2. Сұрақ – жауап:

1. Балалар біз қай ел жайлы әңгімеледік?

- Қазақстан жайлы.

2. Ол кімнің Отаны?

Ол біздің – Отанымыз.

3. Отан деген не?

Туып – өскен жерің.

II. Мағынаны тану.

Жаңа сабаққа баспалдақ.

Мұғалімнің сөзі: Олай болса бүгінгі сабақтың тақырыбы «Менің Отаным – Қазақстан ».

Кіріспе сөз.

Отан – адамның туып өскен және тұратын жері. Адам ауылда, селода, қалада дүниеге келуі мүмкін. Ата-ананың үйі – сенің өмірге келіп ержеткен үйің. Отан отбасынан басталады. Ал сенің ең үлкен нағыз отаның – Қазақстан. Ол Қазақстанда тұратын барлық халықтардың отаны. Қазақстан үлкен ел.

1991 жылдың 16 желтоқсанынан бастап, Қазақстан дербес тәуелсіз мемлекетке айналды. Қазақстанның өзінің Елтаңбасы, Туы, Әнұраны, өзінің Конституциясы жасалды.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. 1991 жылы желтоқсанда Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

Президент мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатын басқарады, Үкімет құрады, заңдар мен жарлықтар шығарады. Ол халық мүддесін қорғау үшін халық атынан сөйлейді.

Қазақстан Республикасының Парламенті еліміз басшылыққа алатын заңдарды талқылап, қабылдайды. Үкімет атқарушы билік, ол үкімет мүшелерінен және министрлерден тұрады. Олар мемлекеттің дамуы, азаматтардың қауіпсіздігі, еліміздің қорғаныс қабілеті жоспарын жасайды.

Оқушыларға тапсырма.

Мәтін желісі бойынша әр оқушы өз ойын білдіріп отырады.

- Біз қандай елде тұрамыз? Өз ойларыңды айтыңдар.

( Егемен елде, тәуелсіз елде, кең байтақ елде, күшті, тату, берекелі елде ).

- Дұрыс осындай елде өмір сүріп отырған оқушылар қандай болуы керек деп ойлайсыңдар?

( Білімді, тіл алғыш, адал, еңбекқор, әділ және т.б. )

III. Оқулықпен жұмыс.

а) Мәтінді оқыту

ә) Мәтінді мәнерлеп, кезектесе, тізбектей оқу

4. Сөздік жұмысы – «Түртіп алу» жүйесі

Тәуелсіз – Еркін ел

Конституция – Ата Заң

5. Сергіту сәті

Сылдыр – сылдыр тап – таза,

Мөлдір бұлақ басталды.

Табиғатым жап – жасыл,

«Қош келдің» - деп қарсы алды.

6. Тақырып бойынша тереңірек мәліметтер

Картамен жұмыс.

Қазақстан территориясы бойынша дүние жүзінде 9-шы орын алады. Ал ТМД бойынша 2-ші орын алады.

Қазақстан аумағы бойынша 2,7 млн шаршы шақырым. Қазақстан территориясы қазба байлықтарға бай. Қазақстан бес мемлекетпен шектеседі. Олар Ресей, Қытай, Түркменистан, Қырғыстан, Өзбекістан.

## 7. Топпен жұмыс

### I топ

1. «Менің Қазақстаным» тақырыбына сурет салу (плакат, маркер беріледі)

### II топ

Отан тақырыбына байланысты өлең құрастыру

### III топ

Отан, ел туралы мақал – мәтелдер құрастыру

Әр топтан бір оқушы өз жұмыстарын қорғап шығады

### IV Ой толғаныс

Білетінім Үйренгенім Білгім келеді

Қазақстан Республикасының

Ата заңын, Тәуелсіздік күні, Мемлекеттік рәміздері,

ҚР-ның Президенті Тәуелсіздік, Конституция, Қазақстанның жер көлемін, шекаралас мемлекеттерді Еліміздің болашағы қандай болады?

Бекіту.

Бес жолды өлең жазу. Жазған өлеңдерін оқыту

1. Не? – Отан

2. Қандай? – Кең – байтақ

3. Не үшін? – Отан үшін отқа түсеміз, күймейміз

4. Не істейміз? – Отанымызды сүйеміз, мақтан етеміз

### Әдебиеттер:

1. Дауыс пен көрініс журналы №3 (31)2012ж.

2. Бастауыш мектеп № 1,2014ж.

3. Дүниетану оқулығы.

## АҚЫЛ-ОЙЫ КЕМ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУДА ОЙЫН ТЕРАПИЯСЫН ҚОЛДАНУ

Густаева Г.М., Ерменбетова С.М., Камалиева Г.С.

КММ «Қарағанды облысының балаларға арналған психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемесі», Қарағанды қ.

Ақыл-ой кемістігі баладағы психикалық әрекеттердің әртүрлі өзгерістерін тудырады. Зият кемістігі басқа туынды кемістіктердің пайда болуына жағдай жасайды. Баланың психикалық жетілмеуі мен танымдық қабілеттерінің бұзылуы, тұлғалық бұзылулары сан алуан түрлі күйде көзге түседі. Бірақ өзге қабілеттері мен жағымды қасиеттері бұлардың орнын толтырады және даму процесін қамтамасыз етеді.

Зияты бұзылған балалар жалпы алғанда, дамуға қабілетті, бірақ бұл процесс өте баяу, қалыпты дамудан әлдеқайда ұзақ жүзеге асады. Л.С.Выготский дәлелдеген сау бала мен ауытқуы бар баланың даму заңдылығы бірдей екендігі туралы ереже саубаланың даму концепциясын ақыл-ойы кем баланың дамуы туралы ережеде пайдалануға болатыны мен бала дамуына әсер ететін факторлар бірдей деп есептеуге мүмкіндік береді.

Жеткіліксіз танымдық белсенділік, бағдарлау әрекетінің төмендігі – бұл кемақыл балалардың ми қыртысындағы нейрофизиологиялық процестердің ерекшеліктеріне тікелей қатысты симптомдар. Осы категориядағы балалардың патологиялық дамуын зерттеумен айналысқан бірқатар ғалымдар (С.С.Корсаков, Г.Е.Сухарева, М.Г.Блюмина, С.Я.Рубинштейн т.б.) олардың қоршаған ортаға деген қызығушылықтарының аздығын, инициативасыздық пен селқостық тәрізді белгілерді атап көрсетеді.

Г.Е.Сухарева былай деп жазады: олигофрениядан зардап шегетін балаларда сау балаға тән қоршаған ортаны тануға деген тежеусіз ұмтылыс жоқ. Балалардың жүйке процестері деңгейінде инерттілік, тежелуге деген бейімділік бар. Бұлардың барлығы жалпы танымдық белсенділіктің төмендеуіне патогендік негіз береді. Мектепке дейінгі жастағы балалар өзін қоршаған заттық ортаға ешқандай қызығу танытпайтындығымен сипатталады. Қозғыш балалар көзіне түскеннің барлығын бірден қамтуға ұмтылады, оның қажетті-қажетсіз екендігін ойлап жатпайды. Бірақ оларды жетектейтін күш – қызығушылық емес, оларға тән қасиет – импульсивтілік. Өкінішке орай, балалар қолына іліккенді сол сәтте-ақ тастайды, себебі оның қажеті жоқ екендігін ұғады.